

2011 жылға арналған ауылшаруашылық дақылдарын себудің оңтайлы мерзімдерін және субсидия алушылар тізіміне енгізуге өтінімдерді ұсынудың мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 6 мамырдағы № 222 қаулысы. Қостанай облысы Таран ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 17 мамырда № 9-18-136 тіркелді. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы Таран ауданының әкімінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 11-02/1717 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы Таран ауданының әкімінің 2011.12.08 № 11-02/1717 хатымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 10-тармағына сәйкес Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінім ұсыну мерзімі 2011 жылғы 5 маусымға дейін белгіленсін.

2. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша себудің оңтайлы мерзімдері белгіленсін:

1) жаздық дәнді және дәнді бұршақты дақылдар - 15 мамырдан 5 маусымға дейін ;

2) майлы дақылдар - 18 мамырдан 30 мамырға дейін;

3) күздік дәнді - 15 тамыздан 1 қыркүйекке дейін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Бондаренко

КЕЛІСІЛДІ:

"Таран ауданы әкімдігінің
ауыл шаруашылығы бөлімі"

_____ *А. Оспанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК